

ИСЛАМДАҒЫ БІЛІМ КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰСЫЛМАН ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ РӨЛІ

¹Қ. Құрманбаев, ²Д.Ә. Сихимбаева

АННОТАЦИЯ

Мақалада исламдағы білім концепциясының алғашқы мағынасы, трансформациясы және оның мұсылман өркениетіндегі ғылым мен білімнің дамуындағы рөлі қарастырылады. Кез-келген ұғым не термин түрлі тарихи кезеңдердегі идеологиялық, мәдени, әлеуметтік және тағы басқа шарттарға байланысты мағыналық өзгеріске ұшырап отырады. Бұл исламдағы білім концепциясы мен оның өркениеттегі орнына да қатысты. Шектеулі сауаттылығы бар тайпалық араб мәдениетіндегі білім ұғымы ислам дінінің келуімен жаңа мәнге ие болып, діни және зайырлы білім туралы жүйелі концепцияның теориялық тұрғыдан анықталуына және ғылыми білімнің дамуына зор үлесін қосады. Білім және ғылым тарихындағы фундаменталды еңбектерге сүйене отырып, ислам діні мен мұсылман өркениетінің даму барысындағы білім концепциясының рөлі бағаланады.

Сонымен қатар мұсылман өркениетіндегі білімнің жинақталып, жүйеленіп, дамуындағы басты тарихи факторлар талданады. Атап айтар болсақ, ежелгі грек, үнді және парсы мәдениеттерінің мұсылман өркениетіне қосылып, оны интеллектуалды тұрғыдан байытуға зор үес қосқан. Қазіргі исламдағы «алтын ғасыр» аталған дәуірдегі білім мен ғылымның шарықтап дамуындағы алғышарттар талданып, қазіргі заман ғылыми білімінің өзегі саналған ежелгі грек ғылымының мұсылман өркениетіндегі орнына баға беріледі.

Түйін сөздер: білім, концепция, ислам, мұсылман өркениеті, ғылым.

Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК-нің қаржыландыру аясында әзірленді (BR10965263 «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік жаңғыруы: идеялық-дүниетанымдық негіздемелер, концептуалды үлгілер, әлеуметтік-мәдени үрдістер, әлеуметтік-саяси технологиялар»).

Концепция знания в исламе и его роль в мусульманской цивилизации

Аннотация. В статье рассматривается первоначальный смысл, трансформация концепции образования в исламе и ее роль в развитии науки и образования в мусульманской цивилизации. Любое понятие или термин претерпевает смысловые изменения в зависимости от идеологических, культурных, социальных и других условий в различные исторические периоды. Это касается и концепции образования в исламе, и его места в цивилизации. Понятие знания в племенной арабской культуре с ограниченной грамотностью приобретает новое значение с приходом ислама, вносит огромный вклад в теоретическое определение системного понятия о религиозном и светском образовании и развитие научного знания. Опираясь на фундаментальные труды по истории образования и науки, оценивается роль концепции образования в развитии исламской религии и мусульманской цивилизации.

Также анализируются основные исторические факторы накопления, систематизации и развития знаний в мусульманской цивилизации. В частности, древнегреческая, индийская и

¹⁻²Нұр-Мұбарак Египет Ислам университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Д.Ә. Сихимбаева,
alpesh_83@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:

Құрманбаев Қ.,
Сихимбаева Д.Ә.
Исламдағы білім
концепциясы және оның
мұсылман өркениетіндегі
рөлі // Адам әлемі. – 2021.
– №3 (89). – Б. 131-139.

персидская культуры были включены в мусульманскую цивилизацию, что способствовало ее интеллектуальному обогащению. Проанализированы предпосылки возрастающего развития образования и науки в эпоху «золотого века» в исламе, дана оценка места древнегреческой науки в мусульманской цивилизации, которая является ядром современного научного знания.

Ключевые слова: образование, концепция, ислам, мусульманская цивилизация, наука.

The Concept of Knowledge in Islam and its Role in Muslim Civilization

Abstract. The article examines the original meaning, the transformation of the concept of education in Islam and its role in the development of science and education in the Muslim civilization. Any concept or term undergoes semantic changes depending on ideological, cultural, social and other conditions in different historical periods. This applies both to the concept of education in Islam and its place in civilization. The concept of knowledge in the tribal Arab culture with limited literacy acquires a new meaning with the advent of Islam, makes a huge contribution to the theoretical definition of the systemic concept of religious and secular education and the development of scientific knowledge. Based on fundamental works on the history of education and science, the role of the concept of education in the development of the Islamic religion and Muslim civilization is evaluated.

The main historical factors of accumulation, systematization and development of knowledge in the Muslim civilization are also analyzed. In particular, the ancient Greek, Indian and Persian cultures were included in the Muslim civilization, which contributed to its intellectual enrichment. The prerequisites for the increasing development of education and science in the era of the "golden age" in Islam are analyzed, the place of ancient Greek science in the Muslim civilization, which is the core of modern scientific knowledge, is assessed.

Keywords: Education, Concept, Islam, Muslim Civilization, Science.

Кіріспе

Адамзат қоғамының даму тарихында өркениеттік, мәдени, діни, ұлттық, аймақтық және ру-тайпалық негізде бірегейлену әрқашан да маңызды болып келген. Жаһандық үдерістердің күшеюінің нәтижесінде бірегейлік өзектілігін жойған емес, қайта өркениеттік, діни негіздегі бөлінушілік, стереотиптер қоғамдық санада ақпараттық технологиялар арқылы кеңінен таралып, орын алу-да. Осы орайда, ғаламдық деңгейдегі БАҚ, әлеуметтік желілердегі ең қызу талқыланатын мәселелердің бірі Ислам әлемі, мұсылмандар бірегейлігі. Көп жағдайда, ислам әлемі ғылым мен білімге қарсы, ортағасырда қалыптасқан дәстүрлер мен заңдарды сақтап, солардың шеңберінен шықпай, фундаментализм мен радикализмді жақтайды деген стереотиптер қалыптасқан.

Бұл стереотиптер тек қоғамдық

санада ғана емес, көп уақыт бойы еуроцентрлік тәсілдеменің үстемдігінің нәтижесінде академиялық салада кеңінен орын алды. Кеңестік кезеңдегі әлеуметтік ғылымдарда және философиялық-танымдық әдебиеттерде де исламда тек теология ғана үстемдік еткендіктен рационалдылық пен философиялық таным шектеулі ғана орын алған деген тұжырым таралған [1].

Кеңестік тоталитарлық жүйенің құлдырауы мен жаһандану үдерістерінің күшеюінің нәтижесінде қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен тарихты қайта қарастыру, оларға осы уақытқа дейін идеологиялық тұрғыдан берілген біржақты көзқарастар мен бағалар да қатаң сынға алына бастады. Тарихи құбылыстар мен процестерді қарастыруда жаңа методологиялық тәсілдемелер қолданып, әлеуметтік зерттеулердің мазмұны мен бағыты да өзгеріп, түбегейлі жаңа көзқарастарға да жол ашылды. Сонымен қатар шығыстану, исламтану салаларындағы

ислам өркениетіндегі білім мен ғылым салаларындағы жетістіктер мен мұраларға да тиісті баға беріліп, жалпы ғылым тарихындағы елеулі орны көрсетілді.

Көрнекті шығыстанушы Франц Роузенталь ортағасырлық мұсылмандық шығыс мәдениетін «білімнің үстемдігі» орнаған кезең деп сипаттаған [2]. Британдық зерттеуші У. Монтгомери Уотт [3] мұсылман мәдениетіне дәл осындай баға беріп, интеллектуалды тұрғыдан сол дәуірдегі еуропалықтардың мұсылмандардан әлдеқайда кейін қалған деп тұжырымдаған. Қазіргі таңда мұсылман елдері білім деңгейі және ғылыми инновациялардың дамуы бойынша кейін қалған елдердің санатына жатады. Бұл өз кезегінде, ғаламдық қауымдастық арасында мұсылмандар жөнінде ғылым мен білімге қызығушылығы жоқ, тіпті рационализмге қарсы ретроградтар ретіндегі мәдени стереотиптердің кеңінен таралуына да үлесін қосып отыр.

Ортағасырлық дәуірде білім мен ғылымды аса жоғары бағалап, ерекше мәртебе ретінде қадірлеген мұсылман қоғамы неліктен қазіргі таңда өзге әлеуметтік-мәдени жүйелерден осы салаларда артта қалып, құлдырап отыр деген заңды сұрақ туындайды. Бұл мәселе, тек өркениет мәселелерімен айналысатын ғалымдарды ғана емес, сонымен қатар, жалпы Ислам әлеміндегі интеллектуалдар мен қарапайым мұсылман жамағатын да толғандырады.

Осы орайда, ислам өркениетіндегі «білім» концепциясының мазмұнын, оның тарихи трансформациясын және жалпы ғылыми білімнің жинақталуы мен дамуына ықпалын қарастыру маңызды болмақ.

Әдіснама

Ислам дініндегі «білім» ұғымына концептуалды талдау жасау барысында біз батыстық, ресейлік шығыстану-

шылар және ортағасырлық араб-мұсылман философиясы бойынша отандық ғалымдардың әдіснамалық тәсілдемелерін негізге алдық. Мұсылман өркениетіндегі «білім» концепциясының алғаш пайда болғаннан бері түрлі тарихи кезеңдердегі мағынасының өзгеруін анықтап, сипаттауда біз тарихи, құрылымдық-функционалды және тарихи-салыстырмалы әдістерге сүйендік.

Исламдағы «білім» концепциясының қалыптасуы

Кез келген ұғым және оның концепциясы уақыт өте келе түрлі идеологиялық, дүниетанымдық, экономикалық, саяси және тағы басқа шарттар мен факторлардың нәтижесінде өзгеріске ұшырайды. Мәселен, қазіргі кездегі өркениет және мәдениет терминдері бастапқы этимологиялық мағыналарынан әлдеқайда ерекшеленеді. Дәл сол сияқты, білім концепциясы да ортағасырлық тарихи контекстке қарағанда басқаша мағынаға ие болып, көптеген жаңа элементтерді қамтыған ұғымға айналған.

Танымал америкалық шығыстанушы, арабист, исламтанушы Франц Роузенталдың [2] тұжырымы бойынша жалпы өркениеттер табиғатынан абстрактілі маңызды түсініктерден құрылатын орталықтың аясында дамуға бейім тұрады. Осы негізгі түсініктер өркениеттердің ерекшеліктерін айқындайды. Өркениеттердің өзегін құрайтын басты ұғымдар уақыт өте келе семантикалық, мағыналық тұрғыдан эрозияға ұшырап, бастапқы мағынасын жоғалтуы да мүмкін. Осы өркениетке серпін мен өрлеу беріп тұрған ұғымдар мен құндылықтар жоғала бастаған кезде, өркениеттік жүйенің өзі де құлдырауға ұшырайды.

Дәл осы тұжырымды ортағасырлық араб философиясының көрнекті маманы, кеңестік және ресейлік шығыстану-

шы Артур Сагадеев [4] те жалғастырады. Ғалымның пікірінше, кез-келген дүниетанымдық жүйенің негізінде сол философиялық немесе діни доктринаны түсінуге жол ашатын категориалды аппарат жатады. Алайда, осы категориалды аппараттың өзі бір тарихи кезеңнен екінші тарихи кезеңге өту барысында көптеген өзгерістерге ұшырап, тіпті алғашқы кездегі мағынасына қарсы ұғымға айналуы мүмкін. Сол себептен, ұғымдарды контекстуалды қарастыру, олардың мазмұны мен ауқымын анықтау және даму барысындағы өзгерістерді талдау аса маңызды болмақ.

Роузенталдың [2] пікірінше, мұсылман өркениетіне айрықша мазмұн мен реңк берген исламдағы ең басты және негізгі концепциялардың бірі – білім (Ilm). Ислам діні келгенге дейінгі Аравияда білім туралы элементарлы концепция материалдық мәліметтерді игеру деген мағынаны білдірген. Ислам дінінің келуімен, білім жүзеге асырудың түрлі деңгейлері бар шынайылықтың ең жоғарғы және шынайы түрі деген түсінік пайда болды. Сонымен қатар, білім, адамның ақыл-ой мен санасынан тыс объективті шынайылық деген тұжырым кең таралған.

Білім сөзінің қайталану жиілігі және оның маңызы

Білім - Құранда ерекше жиі кездесетін ұғым, жалпы білім сөзінің түбірі мен оның түбірінен шығатын барлық мағыналарымен қоса есептегенде, 750 рет келеді. Исламға дейінгі Аравия жерінде теология, грек философиялық ойы, мистикалық спекуляция, білім берудің методикасы және тағы басқа зайырлы ғылымдар секілді білімнің түрлі концепциялары мен салалары болған емес. Бұл салалардың дамуы арабтар империясының кеңеюі мен интеллектуалды тұрғыдан әлдеқайда жоғары тұрған және жаңа білім түрімен танысқаннан кейін орын алған.

Роузенталдың [2] пікірінше, мұсылман әдебиетінде жалпы білім ұғымы діни білімге жата ма әлде зайырлы білімге жата ма деген мәселені нақты сеніммен айту қиын. Жалпы, мұсылмандық ой үшін осындай бөліністің маңызы да жоқ. Дегенмен, ислам өркениетіндегі білім концепциясын қарастырған ғалымдардың пікірінше, «лм» түбірінен шыққан ұғым алғаш діни саладағы білімге қатысты қолданған. «Ал IX ғасырдан бері ілім термині зайырлы білім саласында қолданыла бастады. Бастапқыда, ол ғылым мағынасында емес, қарапайым білім мағынасында қолданылған, мәселен, логика білімі, оның заңдарын қолдана білу қабілеті, оның ережелерін қолдану. Кейінірек, теологиялық және құқықтық мәселелерге қатысты интеллектуалды пікірталастар білім туралы жалпы теориялық түсініктердің қалыптасып, дамуына алып келді. Уақыт өте келе, білім түсінігі ғылыми білімді білдіретін ұғымға айналды» [5, 5 б.]. Білім концепциясын қалыптастыру және дамыту ортағасырлық исламдық қоғамдық ойда маңызды орын алып, объектілер мен адамдық іс-әрекеттің түрлі салаларын теориялық тұрғыдан түсінуге және оларды қарапайым тәжірибелік өнерден жүйеленген білім саласына, ғылымдарға айналуына алып келді.

Ислам және ғылым тарихын зерттеуші ғалымдар, ислам дінінің алғаш пайда болғалы бері, Құран Кәрім мен хадистер жинақталған кезеңнен бастап, ортағасырлық кезеңде ислам өркениетінің негізін қалаған ең басты құндылық болып саналды деген тұжырым айтады. Малик Беннабидің [6] айтуынша, эпистемологиялық тұрғыдан, Құранда, мұсылмандардың Еуропаға берген он сандық жүйесі мен олардың өздері құрған алгебраның негіздерін табуға мүмкін болмаса да, психологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, ғылым мен білімге деген жаңа қатынас тудырған моралдық-интеллектуалды атмосфераны туындатты.

Жалпы исламдағы интеллектуалды атмосфераның дамуы мен оның гүлденуін кеңірек контексте қарастыру да қажет, яғни, әлеуметтік, идеологиялық және тағы басқа ынталандыру саясаты сияқты факторлардың үйлесімділік табуының арқасында болған. Көптеген ғалымдардың айтуынша, исламдағы «Алтын ғасыр» 750-1250 жылдар аралығын қамтыған кезең болған. Осы дәуірде мұсылман, еврей, христиан ғылымдары толерантты, діни көзқарастары мен басқа да жікшілдік мәселелерге жол бермей, ғылымның дамуы мен ақиқат үшін бірлесіп еңбек еткен кезең. Сонымен қатар, бұл атмосфера мазмұны жағынан мультимәдени, көптеген ұлт және дін өкілдерінің біріккен ортасы болған. Діни төзімсіздік пен діни жікшілдік орын алғаннан кейін, осы топтар арасында түрлі алауыздық пен жаушылық қатынас туындаған кезде, ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық та әлсіреп, құлдырауға ұшыраған.

Мұсылман өркениетіндегі жүйелі білімнің қалыптасуындағы грек дереккөздері

Мұсылман өркениетіндегі білімнің қалыптасып, жүйеленіп және одан ары қарай түрлі ғылым салаларының шарықтап дамуына бірнеше факторлар ықпал еткен. Солардың бірі көшпелі арабтардың өздерінен интеллектуалды және өркениеттік тұрғыдан жоғары дамыған елдерді басып алуы мен сол елдердегі ғасырлар бойы жинақталған білім және ғылыми жетістіктермен танысуы. Соның ішінде, парсылар, үнділер, сириялықтар, ирак, мысырлықтар. Осы жерде ерекше атап өтетін жайт, ол Сирия жерінде бастау алған ежелгі грек философиялық және ғылыми туындыларын аудару қозғалысының басталуы. Бұл құбылыстың қалай және неден басталуы да таңқаларлық жағдай. Шектеулі ғана сауаттылығы бар тайпалық мәдениет,

қалайша бір ғасырдың ішінде білім мен ғылымды аса жоғары бағалап, орасан зор көлемде ынталандыру арқылы қаржыландырып, дамытып отыратын тұрақты саяси империяға айналды? Ғылым тарихы бойынша көрнекті америкалық зерттеуші Дэвид Линдбергтің [7] пікірінше, бұл жерде Араб басқыншылығы мен басып алған халықтардың ішіндегі ең білімді азаматтарының (әсіресе, парсылар мен берберлер) империяға қосылуы маңызды фактор болды. Алайда, ежелгі грек кітаптарын толыққанды игеру және аудару ісі басып алудың тікелей салдары болған жоқ. «Мұсылмандардың басқа мәдениеттер мен жерлерді жаулап алуындағы ең басты нәтижесі ол осы уақытқа дейінгі орасан зор аймақта жекеленген саяси құрылымдарды, яғни Испанияны, бүкіл солтүстіктік Африканың бөлігін, Араб түбегін, Сирия, Палестинаны, бұрынғы Парсы империясы мен шығыстағы Самарқанд пен Кабулды біріктіріп, осы кеңістіктегі саяси шекараларды бұзуы. Бұл фактор жаңа идеялар мен жаңа технологияларды, сонымен қатар жаңа өнімдерді алып келген коммерциялық революцияға жол ашты. Жаңа технологиялардың ішіндегі аса маңызды жаңалықтардың бірі Қытайдан импортталған қағаз шығару өндірісі болды, ал бұл өз кезегінде дәстүрлі қағаз жасауға балама болған қолжазбаларды көшірудің арзан, әрі жылдам әдістеріне қол жеткізді» [7, 235 б.].

Ғалымның тұжырымы бойынша, ислам өркениетіндегі аса маңызды мәселе - ол орталықтанған ислам мемлекетінің еркін интеллектуалды қарым-қатынастарға кедергі болған саяси шекараларды жоюы. Бұл өз кезегінде, көптілді ғалымдарға еркін саяхат жасауға мүмкіндік ашып, академиялық қарым-қатынастардың дамуына жеңілдіктер алып келді. Олар осы уақытқа дейін қолдары жетпеген кітаптармен танысуға, идеялармен алмасуға және

өздері қызығып, айналысып жүрген салалары бойынша интеллектуалды пікірталастарды тең дәрежеде жүргізуге тамаша мүмкіндіктер алды.

Америкалық арабист, Йель университетінің Таяу Шығыс тілдері мен өркениеттері бөлімінің Араб және исламтану ғылымдарының құрметті профессоры, Димитри Гутастың [8] пікірінше, жоғарыда аталған факторлар "білімнің аудармасыз тасымалдануына алып келді және қажеттілік туындаған кезде, ғалымдар арасында олардың тілдік қабілеті мен сала бойынша ғылыми білімдері тез арада күрделі әдебиеттерді грек тілінен сирия тіліне және грек тілінен сирия немесе араб тіліне аудару ісінің оңтайланауын тамаша түсіндіреді.

X ғасырда бастау алған бұл аударма қозғалысы ислам өркениетінде білімнің жүйелі жинақталып, ғылымның дамуына орасан зор үлесін қосты.

X-XII ғасырлар аясындағы мұсылмандардың ғылым және технологиядағы «алтын ғасыры» және осы кезеңдегі бірқатар маңызды ғылыми жетістіктерді талдауда оларды үш кезеңге бөліп қарастыру маңызды.

Исламдағы негізгі екі қасиетті дерек-көздер Құран мен пайғамбар хадистері ғылымды мадақтау және онымен айналасуға ынталандыратын көптеген нұсқаулар мен кеңестерді қамтиды. Арабтардың алғашқы басқыншылық жорықтары мұсылмандарды жаңа өркениеттермен, әсіресе Византия мен Иранмен танысуға мүмкіндік беріп, осы өркениеттердің жетістіктерін қолдануға және интеллектуалды қозғалыстың дамуына үлесін қосты. Нәтижесінде, мұсылмандар әлеуметтік, қолданбалы, медициналық, сонымен қатар діни ғылымдарын әлдеқайда жетілдіре алды. Бірінші кезеңде, мұсылмандар басқа өркениеттердегі бар білімді түсінуге, жетілдіруге және оларды жалпы қоршаған ортаны жақсарту мақсатында

дамытуға тырысты. Осы орайда, білімнің жинақталуындағы бірінші кезең шартты түрде «ақпаратты игеру» деп аталды, ол кез Александрия, Харран және Жундишапур сияқты қалалардың басып алынуы мен осы қалалардағы ғылыми дәстүрлердің мұсылмандарға тигізген ықпалы мен аударма ісінің алғашқы басталуын қамтиды. Бұл кезеңдегі басты мақсат қай жерде болса да, білімге қол жеткізу және оны араб тіліне аудару болды. «Ақпаратты жүйелеу» кезеңінде аудармашылық істің жалғасуы мен жетілуі және соның нәтижесінде игерілген білімді жүйелеу орын алды. «Ақпаратты жүйелеу» кезеңінің мақсаты білімді өндіру, оны қоғамның игілігі үшін қолдану және тарату болды және де осы кезеңде ғылым аса жоғары деңгейге қадірленіп, онымен айналысу игі іс ретінде қабылданды. Осы кездегі басшылар мен ғалымдар барлық мәселелерді ғылым арқылы шешуге болады деп санады. Нәтижесінде, аударма орталықтары мен обсерваториялар құрылды. Мұсылмандарға тартымды болып келген және орасан зор ықпал еткен бұл аудармалар мұсылмандардың мәдениетін дамытты, алайда, олардың түбегейлі бірегейлігінің жоғалуына алып келген жоқ. Көптеген, еуроцентрлік ғылыми жұмыстарда мұсылман философиясы мен ғылымына тиісті баға берілмей, оларды грек жазбаларын тікелей аудару және еліктеушілік, шынайы ерекшеленетін еңбектердің жоқтығы туралы айтылды. Алайда, керісінше, ежелгі ғалымдардың жазбаларын зерттеген мұсылман ғалымдары қажет болған жағдайда, олардың жұмысына баға беріп, сынап отырған. Ал ежелгі ғылыми еңбектер абсолютті ақиқат ретінде қабылданбады, олар міндетті түрде ақыл-ой елегінен өткізіліп, одан ары жетілдіру мақсатында түпнұсқалық еңбектер де жазылды.

«Түпнұсқалық білімді өндіру» кезеңінде ғылым және білім жүйеленіп,

сапа деңгейі көтеріліп, еуропалық ғылыми қауымдастық мойындаған айрықша ғалымдар пайда болды. Бұл кезеңде, әйгілі әл-Фараби (190/806), Жабир б. Хайан (200/815), әл Хорезми (232/847), Әли б. Раббан ат-Табари (247/861), Ибн Сина (428/1037) және әл Бируни қызмет етті [9, 720 б.]. Осы уақыт арасында аударма ісі белсенді түрде дамып, оның басты ережелері, техникасы жетіліп, концептілер жан-жақты түсіндіріліп, анықталып, дамыды. Ислам ғылымы өзінің шарықтау шегіне жетіп, алтын ғасыр деген атауы пайда болды. Осы кезеңдегі ең керемет еңбектер математика, медицина, физика, алхимия, химия және астрономия салаларында дамыды.

Б.з.д. 332 ж. құрылған Мысырдағы Александрия қаласы өз заманында эллиндік және семиттік әлемдегі білім мен мәдениет орталығына айналған. Ислам дінінің таралуы мен араб басқыншылығының бастапқы кезеңдерде Александрия философия, медицина, астрономия, математика және химия сияқты түрлі салаларда білім беруді ұсынатын ғылыми орталық ретінде айрықша орын алған. Аудармалық істің кеңінен таралуы мұсылмандарға ежелгі әлемнің жаратылыстану және философиялық мұрасымен танысуға мүмкіндік берді. Сириялықтар арабтарға ежелгі грек ғалымдарының медициналық, философиялық және тағы да көптеген салаларындағы еңбектерін жеткізді. Бұл аудармалар мұсылман ғалымдары мен ойшылдарына ежелгі авторлармен танысу ғана емес, сол шығармалардағы күрделі әрі түсініксіз жерлерге комментарий жазуға және жаратылыстану мен философия мәселелері бойынша өздерінің төл еңбектерін жазуға мүмкіндік берді.

Ортағасырлық мұсылман өркениетінде діни білім болсын, зайырлы білім саласында болсын білімнің ақиқаттығы және оның сенімділігі басты

мәселе болған. Білімнің ақиқаттығы мен сенімділігі жөніндегі басты интеллектуалды дискурста бұл білім қандай жолдармен қалыптасты, қандай дереккөздерге сүйенді, қандай әдістер қолданды деген мәселелерді көтерді. Бұл өз кезегінде, жүйелі дәлелдер жинағы мен оларды қалыптастыру дәстүрі қалыптасып, ақыл-ой тұрғысынан шешілген. Ақиқатты іздеу және оны тану ақыл-ой саласында жүргізілгендіктен таным методологиясында логиканың маңызы зор болған. Қазақстандық ғалым, фарабитанушы, профессор Ғ. Құрманғалиеваның [1] пікірінше, ежелгі гректерден, әсіресе, Аристотельден интеллектуалды мұра ретінде қалған логика білімі исламдық теологияның, философияның құқықтанудың (фикх) қалыптасуында гносеологиялық құрал ретінде қызмет еткен. Осылайша, ислам қоғамының рухани мәдениетінде ақыл діни және тәжірибелік мәселелерді шешудің негізгі шарты мен құралы деген идеялар дамып, соның негізінде интеллектуалды-рухани өмірдің тұрақты үдерістері қалыптасты.

Қорытынды

Ортағасырлық мұсылман әлемінде зайырлы ғылымдармен (үстіртін болса да) айналысу қоғамдық сана тұрғысынан аса жоғары бағаланып, білім мен ғылым ерекше мәртебеге ие болған. Осы тұрғыдан қарағанда, ислам өркениетінің алтын ғасыры саналатын IX-XII кезеңде, мұсылман әлеміндегі зайырлы ғылымдар мен ғылыми жаңалықтар дәл сол кездегі еуропа елдерімен салыстырғанда әлдеқайда кеңірек және қарқынды дамыған. Ислам өркениетінің жетістіктері, осы кезеңнен кейінгі ғасырларда батыс еуропадағы кітап шығару істеріне және жалпы ғалымдарынан сол дәуірдегі басымдыққа ие болған теологияның ықпалынан босауына және Қайта Өрлеу дәуірінің данышпандарын шығаруға үлесін қосқан.

Америкалық ғалым Ф. Роузентал исламның тарихи мұрасында, атап айтсақ, оның негізгі рухани-интеллектуалды және қоғамдық ойын құрайтын қалам, философия, суфизм және тағы басқа қоғамдық ғылымдардағы білім мәселесі мен оның маңызын егжей тегжейлі қарастырған. Білім концепциясы осы аталған барлық салада ерекше орын алып, ислам өркениетін басқа өркениеттер мен әлемдік діндермен салыстырғанда ерекшелейтін айрықша сипаты деп баға береді.

Ғаламдық деңгейдегі заманауи интеллектуал, тарихшы Ювал Харраридің [10] пікірінше, қазіргі таңдағы ғылымның дамуы ол сөзсіз еуропалық империялардың арқасында және сөзсіз солардың иелігінде. Алайда, ежелгі грек, қытай және үнді, сонымен қатар ортағасырлық классикалық ислам ғылымдары ғылыми революцияның орын алуына сөзсіз үлкен үлес қосқан..

Мұсылман өркениетінде білім ұғымы, маңыздылығы жағынан ислам дініндегі «таухид», «иман» сияқты басты ұғымдармен қатар тұрған. Білімді игеру, ғылыммен айналысу, олардың сенімділігі мен ақиқаттылығын анықтау әрбір мұсылманның қасиетті парыздарының бірі болған. Алайда, қазіргі кездегі мұсылман фундаменталистері жаһандық умма аясындағы қоғамдық дискурста негізінен саяси лозунгтар мен лаңкестікке шақыратын концептілер мен нарративтерге сүйеніп, дәріптейді. Ал ислам дініндегі фундаменталды саналатын және мұсылман өркениетінің шарықтауына басты себеп болған білім концепциясы мен ғылыми дәстүрлерді дамыту, рационалдылық пен логика өзекті мәселелері санатынан шығып калған. Прима Асвирна және Реза Фахми [11] сынды индонезиялық мұсылман интеллектуалдарының айтуынша ортағасырлық исламдық мәдениеттің негізі болған таухидтік дүниетаным ғылым мен сенімді қарсы қоймаған еркін

ой дәуірі болған. Сонымен бірге, білімнің исламдық моделі алғашқы кезеңінен бастап, түрлі өркениеттердегі ғылыми жетістіктер мен мұраларды игеріп, мультимәдени сипаттағы ашық интеллектуалды дискурс құра білген. Қазіргі кездегі ғаламдық умма алдындағы түрлі сын-қатерлерге қарсы тұрып, әлемдік ғылыми интеллектуалды дискурсқа қосылуда дін мен сенімнің үйлесімділігін орнатқан білім концепциясының өзектілігі аса зор.

Әдебиеттер тізімі

1 Курмангалиева Г.К. Восточно-перипатетическая рациональность: опыт философской репрезентации / Монография. Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 276 с.

2 Роузенталь Ф. Торжество знания. Концепция знания в средневековом исламе. – М.: Наука, 1978. – С. 375.

3 Монтгомери У. Влияние ислама на средневековую Европу. – Спб.: Издательство «Диля», 2008. – 192 с.

4 Сагадеев А. Знание и познавательное отношение к действительности в средневековой мусульманской культуре // Торжество знания. Концепция знания в средневековом исламе. – 1978. – Сс 4-19.

5 Бетильмирзаева М., Керимов М. Соотношение веры и знания: религиозно-философский анализ // Исламоведение, 2012. – №3. – Сс. 4-10.

6 Lindberg D. The beginning of Western Science: The European scientific tradition in Philosophical, Religious and Institutional Context. Prehistory to A.D. 1450. Second Edition. – 2007. – P. 485.

7 Gutas D. Greek Thought, Arabic Culture: The Graeco-Arabic Translation Movement in Baghdad and Early 'Abbāsid Society (2nd-4th/8th-10th centuries). – London: Routledge, 1998. – P. 16.

8 Baris M.N. First Translation Activities in Islamic Science History and their Contribution to Knowledge Production // Cumhuriyet Theology Journal CUID, 2018, 22 (1). – P. 705-730.

9 Harari Y.N. Sapiens: A Brief History of Humankind. – UK, McClelland & Stewart, 2014. – P. 439.

10 Aswirna P., Fahmi R. The new paradigm on Islamization of Science: Islam as knowledge and belief // *Ar-Raniry: International Journal of Islamic Studies*, 2016. - Vol. 3., No. 1. - Pp. 105-120.

11 Сейтахметова Н.Л., Сагикызы А., Турганбаева Ж.Ж. Исламская научная традиция и европейская мысль // *Вопросы философии*, 2021. - №7. - Сс 72-88.

Transliteration

1 Kurmangalieva G.K. Vostochno-peripateticheskaja racional'nost': opyt filosofskoj reprezentacii [Eastern Peripatetic Rationality: the experience of Philosophical representation] / Monografija. Pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2014. - 276 s. [in Russ]

2 Rouzentel' F. Torzhestvo znaniya. Konceptija znaniya v srednevekovom isleme [The triumph of knowledge. The concept of knowledge in medieval Islam]. - M.: Nauka, 1978. – S. 375. [in Russ]

3 Montgomerri U. Vlijanie islama na srednevekovuju Evropu [The influence of Islam on medieval Europe]. - Spb.: Izdatel'stvo «Dilja», 2008. - 192 s. [in Russ]

4 Sagadeev A. Znanie i poznavatel'noe ot-noshenie k dejstvitel'nosti v srednevekovoj musul'manskoj kul'ture [Knowledge and cognitive attitude to reality in medieval Muslim culture] // *Torzhestvo znaniya. Konceptija znaniya v sred-*

nevekovom isleme. - 1978. - Ss 4-19. [in Russ]

5 Betil'mirzaeva M., Kerimov M. Sootnoshenie very i znaniya: religiozno-filosofskij analiz [The ratio of faith and knowledge: a religious and philosophical analysis] // *Islamovedenie*, 2012. - №3. – Ss. 4-10. [in Russ]

6 Lindberg D. The beginning of Western Science: The European scientific tradition in Philosophical, Religious and Institutional Context. Prehistory to A.D. 1450. Second Edition. - 2007. - P. 485. [in Eng]

7 Gutas D. Greek Thought, Arabic Culture: The Graeco-Arabic Translation Movement in Baghdad and Early 'Abbāsid Society (2nd-4th/8th-10th centuries). - London: Routledge, 1998. - P. 16. [in Eng]

8 Baris M.N. First Translation Activities in Islamic Science History and their Contribution to Knowledge Production // *Cumhuriyet Theology Journal CUID*, 2018, 22 (1). – P. 705-730. [in Eng]

9 Harari Y.N. Sapiens: A Brief History of Humankind. – UK, McClelland & Stewart, 2014. - P. 439. [in Eng]

10 Aswirna P., Fahmi R. The new paradigm on Islamization of Science: Islam as knowledge and belief // *Ar-Raniry: International Journal of Islamic Studies*, 2016. - Vol. 3., No. 1. - Pp. 105-120. [in Eng]

11 Seitahmetova N.L., Sagikyzy A., Turganbaeva Zh.Zh. Islamskaja nauchnaja tradicija i evropejskaja mysl' [Islamic scientific tradition and European thought] // *Voprosy filosofii*, 2021. - №7. - Ss 72-88. [in Russ]

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Қайрат Құрманбаев

PhD, доцент м.а. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Дамира Әлиқызы Сіқымбаева

PhD, доцент м.а. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Қайрат Курманбаев

PhD, и.о доцента, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Дамира Алиевна Сихимбаева

PhD, и.о доцента, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Kairat Kurmanbayev

PhD, Associated Professor, Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Almaty. Kazakhstan

Damira Sikhimbayeva

PhD, Associated Professor, Nur-Mubarak Egyptian university of Islamic culture, Almaty. Kazakhstan